

Жетісу облысы әкімдігінің «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ҰЖЫМ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Сарқан қаласы

09.06.2026 жыл

Тақырып бойынша оқыту дәрісі - Сыбайлас жемқорлық және оған қарсы күрестің маңызы;

Баяндамашы: комплаенс-офицер Даутов Дидар Алимханович

ШЖҚ «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның комплаенс-офицері Даутов Дидар Алимханович, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының неврология бөлімінің, қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша оқыту дәрісін өткізді.

Сыбайлас жемқорлық ұғымы этимологиялық тұрғыдан латынның *corruptio* сөзінен шыққан және «параға сатып алу», «бүлдіру», «бұзу», «зақымдау», «сату» деген мағыналарды білдіреді. Ежелгі рим құқығында *corrumpere* термині құқыққа қайшы әрекеттерді, соның ішінде пара беру мен сатып алуды сипаттау үшін қолданылған. Ал орыс тілінің түсіндірме сөздігінде сыбайлас жемқорлық лауазымды тұлғалар мен саяси қайраткерлердің пара алу арқылы өз міндеттеріне сатқындық жасауы ретінде түсіндіріледі.

Қысқаша айтқанда, сыбайлас жемқорлық – жеке пайда үшін қызметтік өкілеттіктерді заңсыз пайдалану, пара алу немесе беру арқылы жасалатын құқыққа қарсы әрекет.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтартуға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Қазақстан халқына арнаған жолдауында Мемлекет басшысы демократиялық қоғамның дамуы үшін қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің аса маңызды екенін атап өткен. Өйткені қылмыс пен жемқорлық заң үстемдігіне, әділдікке, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндіреді. Сондықтан олармен тиімді күресу мемлекеттің тұрақты дамуы мен қоғамның әл-ауқатын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – кез келген өркениетті қоғам үшін аса маңызды міндет. Өйткені сыбайлас жемқорлық мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп, қол

жеткізілген жетістіктерді жоққа шығарады, елдің ішкі тұрақтылығына нұқсан келтіреді және ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді.

Сондықтан Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басты басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен тиімді күресу болып табылады.

Пара – лауазымды тұлғаның белгілі бір әрекет жасауы немесе жасамауы үшін берілетін материалдық құндылықтар мен қызметтер.

Пара ретінде мыналар саналуы мүмкін:

Заттар: ақша, шетел валютасы, бағалы қағаздар, алтын-күміс бұйымдар, асыл тастар, автокөліктер, пәтерлер, саяжайлар, жер учаскелері, азық-түлік, тұрмыстық техника және басқа да мүліктер.

Қызметтер мен жеңілдіктер: тегін немесе арзандатылған емделу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, туристік және санаторий жолдамалары, шетелге сапарлар, ойын-сауық шығындарын төлеу және басқа да материалдық пайда әкелетін қызметтер.

Қорытындылай айтқанда, пара тек ақша түрінде ғана емес, кез келген материалдық құндылық немесе заңсыз артықшылық беретін қызмет түрінде де болуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық әділеттілікке, қоғамдық тәртіпке және адамгершілік құндылықтарға қауіп төндіретіндіктен, онымен күресу әрқашан өзекті мәселе болып қала береді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыс болып табылады және ол үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Жемқорлыққа қатысы бар адамдарға айыппұл салу, белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыру, мүлікті тәркілеу немесе бас бостандығынан айыру сияқты жазалар қолданылады. Бұл шаралар қоғамда әділдікті қамтамасыз етуге және заң бұзушылықтың алдын алуға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық тек заң бұзушылық қана емес, сонымен қатар қоғамдағы моральдық құндылықтарға да кері әсер етеді. Ол адамдардың мемлекетке деген сенімін төмендетіп, әлеуметтік әділеттілікті бұзады.

Сондықтан әрбір азамат заңды құрметтеп, адалдық пен әділдік қағидаларын ұстануы қажет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу – бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Назарларыңызға рақмет!

Хатшы: Данабаева Данабаева А.Н

Комплаенс-офицер: Д Даутов Д.А

